



Баға бұғауға көне ме?

2



Желідегі балаға бақылау керек

3



Жазушы еңбегі жас ұрпақ жадында

4



Қазақ футболы қалай жанданады?

4



# Сыр бойы



№179  
(19857)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz/](https://www.facebook.com/syrboyi.kz/)

<https://twitter.com/syrboyi>

[www.instagram.com/syrboyikz](https://www.instagram.com/syrboyikz)

26 қараша / СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

## «BAIKONYR INVEST» ФОРУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

# Инвестфорум: билік пен бизнес арасындағы диалог алаңы

Кейде бір ғана қысқа хабарламаның астарында қаншама дүние жатқанын аңғара бермейміз. Мәселен, ҚР Үкіметінің биылғы жылғы елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша өткен кезекті отырысында Қызылорда облысының экономикалық жетістіктері қатарында инвестиция тарту жұмыстары да бар екені аталып өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Ал бұған қол жеткізу үшін өңірмізде қаншама жылдар тынымсыз жұмыстар атқарылды десейші! Оған тоқталмас бұрын Қазақстанның инвестиция саясатына, шетел қаржысын тарту тарихына қысқаша шолу жасап кетелік.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев экономиканы дамыту үшін сыртқы қарыздан гөрі тікелей инвестицияға басымдық беруді жөн деп тапты. 1997 жылғы Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауында «1997 жылдан бастап біздің жұмысымыздың басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану болады. Оларды, дамушы мемлекеттерді былайша қойғанда, дамыған елдердің өзінің пайдаланатындығы белгілі. Өйткені инвестиция – кез келген экономиканың «сүре тамыры» деген болатын. Шетел инвестициясы экономикаға серпін беріп, экспорттық әлеуетін арттырады. Сонымен қатар, бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, тәуелсіз дамуға дағдыландырады.

Елімізге шетелдік инвестиция тарту мақсатында әлемнің дамыған мемлекеттеріндегі

өндірістік, қаржы, сауда және тағы басқа көптеген бағыттардағы іскер топтар жетекшілерімен экономикалық қарым-қатынасқа арналған

көптеген келісімдер жасалды. Елбасы мұнан бөлек танылмай шетелдік бизнесмендермен жүздесіп, Қазақстанға ақша салуды тиімді тұстарын айтты. Шетелден капитал жұмсалымына қаржы тарту мақсатымен республикада инвестициялық заңнама жетілдірілді. 1997 жылы ақпанда Парламент Мәжілісі жетілдіктер мен артықшылықтар жүйесін ынталандыруды айтарлықтай кеңейтуге жәрдемдесу үшін «Қаржыстандағы тікелей инвест-

цияны мемлекеттік қолдау туралы» заңын қабылдады. Атап айтқанда, кіріс, жер салығын 100%-ке дейін қысқарту, мүлік салығын 5 жыл мерзімге дейін келісімшартпен бекіту, сонымен қатар салық мөлшерлемесін 50%-ке төмендету қарастырылды. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті материалдар мен шикізаттарды, шеттен әкелінетін жабдықтарды келендік баж салығынан толықтай немесе ішінара боса-

ту ұсынылды. Мұның барлығы сырттан құйылатын қаржы көздерін жетілдіруге мүмкіндік тудырды. Инвестиция тарту үдерісін жеделдету үшін тиісті экономикалық орта мен кепіл жүйесі қалыптастырылып, Азаматтық, Кеден, Салық кодекстері қабылданды. Оған қоса сыртқы экономикалық іс-әрекет халықаралық талаптарға сәйкестендірілді.

2-бет.



## КӘСІПТІК БІЛІМ

# Теория мен өндірістің ұштасуы кәсіби білік пен дағды қалыптастырады

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау, жастарға пайдалы білім беру. Бүгінде техникалық және кәсіптік білім беруді жүйелі түрде оқытуға айрықша мән беріледі. Өйткені, экономикалық қуаты артқан еліміз жұмысшы мамандарға зәру.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Кәсіби мамандарға біздің өңірмізде де сұраныс жоғары. Осыған орай аймақта индустриалды-инновациялық даму талаптарына сай техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін сапалы түрде дамыту жұмыстары қарқынды жүруде. Биылғы оқу жылында облыстағы 30 техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнында 97 мамандық 167 біліктілік бойынша 20396 студент білім алуға. Кадр даярлау үшін жергілікті бюджеттен 3128, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы негізінде республикалық бюджеттен мемлекеттік тапсырыс аясында 500 орын бөлінген. Ал, осы жылы аталған бағдарламаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша 1515 орынға студент қабылданды.

Аймақта бітіруші түлектердің жұмысқа орнала-су көрсеткіші де жаман емес. Мәселен, өткен жылы колледжді бітіруші 5585 студенттің (4847 студент) 86,8 проценті, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 3809 бітірушінің (3169 студент) 83,2 проценті жұмысқа орналасып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назар-

баевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында индустриалды-инновациялық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыру бүгінгі уақыт талабы екенін баса айтқан болатын. Бұл ретте өңірде дуалды оқыту жүйесі орындалып келеді. Бүгінгі күні аталған жүйе бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін 25 оқу орнында 87 мамандық бойынша 3254 студент білім алуға. Ал 48 мамандық бойынша модульдік білім беру бағдарламалары оқытылууда.

Бізге 2014 жылдан бері «Дуалды оқытудың жол картасы» жүйелі жолға қойылған. Дуалды оқыту жүйесінің негізі – теорияны өндіріспен ұштастырып оқыту. Жобаның талабы бойынша теориялық оқу 40 проценттен аспауы тиіс. Себебі, өндірісте практикада болу арқылы білім алушылар өздерінің кәсіби біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруы керек. Сол кезде ғана студенттер түрлі техникамен танысып, білікті мамандармен бірлесіп жұмыс істеп, мамандығының маңызын ұғынатын болады, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының бөлім басшысы Жанна Скакова.

Қарашаның үшінші онкүнінде Сырдарияның солтүстік аудандар бөлігінде мұз қата бастады. Бұл кейбір елді мекен тұрғындарының жүріп-тұруына кедергі келтіргені рас.

Назерке САНИЯЗОВА.

# Сырдарияда мұз қата бастады

20 қараша күні кешкілік өзенде күр (толық қатпаған мұз) жүріп, соның салдарынан Қазалы ауданындағы «Әлсейіт», «Қарлан» уақселері мен Абай ауылының тұсындағы қалқымалы көпірлер уақытша істен шықты. Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, қазіргі кезде жағдай тұрақталды. Өзеннің арғы бетіндегі тұрғындар Басықара ауылы мен «Қарлан» тұсындағы көпір арқылы қатынауға.

Қазалы жақтан тосыннан келген қалың сел сол күні түнде Арал ауданындағы Қызылжар, Хан елді мекендерінің тұсында орналасқан қалқымалы көпірлердің шыңжырын үзіп кетті. Соның кесірінен көпірлер Хан ауылы тұсында – 600, Қызылжар тұсында 1500 метрге дейін жылжыған. Сөйтіп, Аманоткел, Жаңақұрылыс, Қызылжар елді мекендеріне жол қатынасы тоқтады.

Бүгінде Хан ауылы тұсындағы қалқымалы көпір орнына қойылып, Жаңақұрылыс, Аманоткел елді мекендеріне баратын жол ашылды. Ал Қызылжар тұсындағы қалқымалы көпірді орнына қоюға әзірге мүмкіндік жоқ. Себебі, дария бойында мұз байқалады. Төтенше жағдай кезінде қалқымалы көпірлердің дария бойымен ағып

кетпеуін және оларды қайта қалпына келтіру үшін аталған елді мекендердің тұрғындары, ауылдық округ басшылары ұйымшылдықпен атсалысты, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ауыл және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Амантай Тасқынбаев.

Қызылжар бөлігіндегі мұздың үсті қалыңдатылып, жаю жүргізушілердің жүруіне қолайлы жағдай жасалып отыр. Сондай-ақ, аудан орталығы мен ауыл арасындағы жол-ауылдар автобусы, басқа да көліктер қатынасы жолға қойылды.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, сеп жүру маусымы қалыпты өтеді деген сенім бар. Өзен жағалауы су басуы ықтимал 56 уақсеге бөлініп, оларға жауапты 126 мекеме бекітіліп отыр. Тісінше материалдық-техникалық қор сақалдай сай. Қызылорда қаласы мен аудандарда тасқын су кезінде халықты көшіруге арналған 84 эвакуациялық жинақтау, 101 қабылдау пункті әзірленді.

Қазіргі уақытта Қармақшы, Жалағаш аудандарында 25-30 процент деңгейінде күр жүруде. Дария ахуалы қатаң бақылауда, – дейді басқарма басшысының орынбасары Ғабит Жаңабаев.

## «ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...»

Қазір ауылшаруашылық өнімдерін нарыққа шығара бастаған кәсіп иелері ауылда аз емес. Атақасиіті қайта жандандырып еңбекқор азаматтардың қатарында «Түлеков» шаруа қожалығының иесі Бақытбек Төлеков те бар.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

# «Иіркөлдiң» жағасы малға жайлы

Кейіпкерімізге «кішкентайымнан тай мініп, мал қайырмаған өңірде неге мал өсірмеске?» деген ой осыдан он шақты жыл бұрын келіпті. Бұрын аудандық спортқа басшылық жасаған азамат қанға сінген атақасиіті 2,5 млн теңге несие қолға алады. Әрі аталған салаға мемлекет те қолдау танытуды. Бірақ бұл кәсіпкерлікті өз күшімен бастауды жөн санап, отбасы мүшелерімен «Түлеков» шаруа қожалығын ашты. Алдымен аумағы 160 гектарлық жайылдықты жер телімінің құжатын рәсімдеді. Көлдiң басына тұрғын үй салды, 10 бас ірі қара мен асылтұқымды бұқа сатып алды. Соларды қысы-жазы бағып, сүтін сатуды жолға қойды.

«Мал баққанға бітеді» деген бұрынғылардың аталы сөзі рас. Төлеге төл қосылып, қазір қарауындағы мүйізді ірі қара басы отыздан асты. Нақты кезеңде табиғи өнімге деген сұраныс жоғары. Сондықтан бұлар сүт пен оның өнімдерін саудаға шығарып, тынымсыз өңбектің арқасында кәсібин өрлетіп отыр. Жұбайы Жаннат пен келіндер сныр сауып, өнімін базар мен балабақшаға өткізеді. Іскер жан қазір өзін де, ағайындарын да жұмыспен қамтып отыр.

Ал кенжесі Бауыржан қожалық жұмысын жүргізеді.

Жас кезінен шаруаға араласып өскен Бауыржан Бақытбекұлы мемлекеттің бұл салаға маңыз беріп отырғанына дән риза. Ол «Құлан» бағдарламасы аясында 2,5 млн теңге несие алып, бірнеше бас бие мен айғыр сатып алды. Бүгінде сол билердің саны оннан асты. «Иіркөлдiң» басында жылқы мен сиыр малына арналған жайлы қора бар. Қожалықтың малы қыста құдықтан су іше, жазда көл жағасындағы суат басында жатады.

Бақытбек Қаппарұлы келе-шекте кәсібін кеңейтіп, көлдің басынан демалыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, мұнда сиыр сауылып, сүт өнімдері дайындалады. Бие байлап, қымыз өндіреді. Осылайша демалуға келген қонақтарға барлық жағдай жасалады.

Ол өзі өскен өңірге аз да болса қолынан келген көмегін беріп, игілікті іс жасауды мақсат тұтады. Сондықтан да қайырымдылық акцияларынан тыс қалмауға тырысады. Әсіресе, спорттық шараларды ұйымдастыруға айрықша атсалысып жүр. Мысалы, аудан ардагерлері жыл сайын таза ауада балық аулаудан жарысады. Ол жаңға жайлы ме-



Шаруа қожалығы Жалағаш кентінен жеті шақырым жердегі «Иіркөл» жағасында. Қорасын төрт түлікке толтырған еңбексүйгіш жаннның малын сулы да нұлы жер – «Иіркөлде» ұстауы тегін емес. Бұл көлдің арнасы жаз айларында коллектор арқылы кемеріне келеді. Ал күзге салым Сырдария суы азайған шақта көл де тартылып, табаны көрініп қалады. Бастысы, «Иіркөлдiң» шөбі шүйгін, айналасы мал ұстауға өте жайлы. Көлді жағалай өскен жиде, жыңғыл, шөңгел аралас қалың тоғайдың қыста мал ықтасын етсе, жазда батысқа қарай жазық далада жайылады.

Балалардың өмірге бейімделіп, азамат болып қалыптасуы ошақ қасындағы тәрбие байланысты емес пе? Шаруақор ата-ана перзенттерін жас кезінен еңбек етуге де, оқуда озық болуға да тәрбиеледі. Сол тәрбие өз жемісін берді. Бүгінде балалары ер жетіп, түрлі салада еңбек етуде. Үлкен ұлдары Бақытжан мен Батыржаны ішкі істер бөлімдерінде қызмет атқарады. Бағжаны – аудан орталығындағы «Ілжу» бөбекжайының меңгерушісі.

«Иіркөлде» өткізіледі. Бұған қоса әр жылы Жетісу мерекесі қарсаңында Отан соғысынан оралмай, жат жұртта тыныстаған боздақтар «Жалғасбай Мылтықбаев пен Жолдасбай Түлековті еске алу турнирін» ұйымдастырып тұрады. Оған жоғары сынып оқушылары қатысып, мылтық атудан бақ сынасады. Жарыс демеушісіне зейнеткерлердің де, оқушылардың айтар алғысы зор.

«Наркескен» спорт клубына басшылық жасайтын Бақытбек Қаппарұлы кенттегі орталық стадионды көркейту-қоғалдандыру ісінде де белсенді. Стадион жанына құнарлы топырақ төктіріп, 500 түп тал екті. Аяқ су жоқ деп қол қусырып қарап отырмай, жерасты суын пайдаланып отыр. Осындай жарықын істерімен көпшіліктің алғысына бөленген іскер азамат бұған қоса, «Наркескен» спорт клубы жанынан ұлттық спорт үйірмесін ашып, бейім жастарды тәрбиелеп жүр. Көсібін дөңгелетіп қана қоймай, өмірлік тәжірибесін ауданның спорт саласын дамытуға арнаған азаматтың игі істеріне қалай сүйсінесің?!

**БАСПАСӨЗ – 2020**

**КҮРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

**Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.**

Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және баспасөз бөлімінде (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.

2-бет.



# Инвестфорум: билік пен бизнес арасындағы диалог алаңы

Осындай жұмыстардың арқасында еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан бергі кезеңдегі әлемнің 120-дан астам елінен 320 миллиард доллар көлемінде тікелей шетелдік инвестиция құйылған. Ал, 2009-2019 жылдар аралығында ұлттық экономикаға 250,2 миллиард доллар көлемінде табыс түскен. Қазақстан тек Орталық Азияда ғана емес, бүкіл посткеңестік кеңістікте шетелдік инвестициялар тарту бойынша көшбасшыға айналды. Айта кету керек, Қазақстан әлем экономикасы қиыншылықтарға тап болған жылдары жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл жетістікке Қазақстанның әрбір өңірінде тартылған инвестициялардың да өз үлесін қосқаны анық. Олардың қатарында Сыр өңірі де өз жетістіктерімен ерекшеленді.

2013 жылы облыс өнеркәсібінің 93%-і өндіріс секторына тиесілі еді. Бұлай кете беруге болмайтын мұқият бағдарлаған облыс басшылығы ресейлік белгілі ғалым-экономист, академик А.Аганбегян бастаған ғалымдардың көмегімен «Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы» жобасының дайындалуына ұйытқы болды. Аймақ дамуының стратегиялық жобасы бойынша облыс экономикасын әртараптандырудың басым бағыты индустрияландыру, оның ішінде металлургия саласы танылды. Осылайша металлургиялық кластер құру бағытындағы жұмыстар басталып, бүгінде аймақта үлкен жоба – «Шалқия Цинк ЛТД» кәсіпорнын қайта жандандыру, феррокорытта зауы-

тын салу, «Баласауыскандық» ванадий кен орнын игеру секілді жобалар қолға алынды. Облыстың стратегиялық даму бағдарламасында, сондай-ақ, кәсіпкерлікті, агросекторды, инфрақұрылымды, туризмді және тағы басқа салаларды дамыту көзделді. Аталған салаларға әріне, инвестиция тартылмай, жұмыс алға баспайтын еді.

Осы тұста сол кездегі облыс әкімі Қ.Көшербаев өңір экономикасына қаржы құйылуын қамтамасыз ету мақсатында халықаралық инвестициялық форум өткізуге бастаманы болды. Инвестфорумының мақсаты – облыс экономикасына отандық және шетелдік инвестициялар тартуды ұлғайту, индустриалды, туристік және аграрлық салаларда шетелдік және отандық инвесторлардың аймақтық компаниялармен өзара тиімді әріптестік орнату, инвестициялық ахуалды жақсарту, қаржылық инфрақұрылымды дамыту, бизнес-ахуалды жақсарту, өңір экономикасын әртараптандыру мен жаңғырту үшін бизнес, ғылым және билік өкілдерінің күш-жігерін біріктіру.

Алғашқы «Baikonyg Invest» халықаралық инвестициялық форум 2013 жылдың 1 наурызында ұйымдастырылды. Онда облыс әкімдігі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі арасындағы көлік инфрақұрылымы саласында бірлескен жобалар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Міне, сол уақыттан бері жыл сайын өткізілетін инвестициялық форум дәстүрлі шараға айналып, инвестициялаудың маңызды мәселелерін талқылау және шешу жолдарын

қарастыратын, ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ететін сындарлы диалог алаңына айналды. Өткізілген инвестициялық форумдар аясында Біріккен ұлттар ұйымының даму бағдарламасы (БҰҰДБ), Еуроодақ, Экономикалық ынтымақтастық және Экономикалық әріптестік және даму ұйымы (ЭӘДҰ), Халықаралық қаржы ұйымы (ІҒС) секілді ірі халықаралық ұйымдармен тығыз байланыс орнатылды.

– 2013 жылдан бастап өткізіле бастаған «Baikonyg Invest» халықаралық инвестициялық форумдары жұмысының нәтижесінде 100-ге жуық меморандумға қол қойылып, шыны, цемент, феррокорытта зауыттары сияқты ірі инвестициялық жобаларға 110 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Ал өткен жылдың желтоқсан айында кезекті, оныңшы мәрте өткізілген инвестициялық форум «жасыл экономика» тақырыбына арналды. Форум аясында жанартау энергия көздері, инвестициялық жобаларды дамыту және «жасыл технологияларды» енгізу саласындағы ынтымақтастық туралы 12 меморандумға қол қойылды. Соның нәтижесімен кәсіпкерлер таңда Жалағаш және Шнелі аудандарында күн-электр станцияларының құрылысы жүзделді. Ал үшінші келесі жылы Жанартау ауданында жүзеге асырылатын болады, – дейді осы орайда облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев.

Мұнан бөлек тек Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп 63 млрд теңгеге құрайтын 8 жоба іске

асырылғанын айта кеткен жөн. Оның жетеуі облыс орталығының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Шетелден тікелей инвестиция тарту жұмыстарын барынша жандандыру қажет. Онысы алдағы уақытта экономикалық өсім резерві шектеулі болады. Бұл – атқарушы билік басымдық беруі тиіс міндеттердің бірі» дегені белгілі.

Бұл міндетті орындау үшін атқарушы билік жергілікті экономикаға шетелдік инвестиция тартумен шектеліп қалмай, инвесторға қолайлы жағдай жасауы тиіс. Осы жағынан алғанда облыстың жетістіктері аз емес. Жалпы, Сыр өңірі – инвесторлар үшін қолайлы аймақ. Облыста байланыстың құрамына – теміржол, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойында аймақ халқының 93%-і тұрады. Тоғыз жолдың торабындағы аймақта инвесторлар үшін бар жағдай жасалған. Өңірде жалпы көлемі 915,7 гектарды құрайтын 6 индустриялық аймақ жұмыс жасауда. Инвесторларға қолайлы болу үшін облыста кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің бірыңғай орталығы жұмыс істейді. Онда барлық қызметтерге бір жерден қол жеткізуге болады. Аймаққа «кәсіпкерлер» тарту мақсатында роуд-шоулар ұйымдастырылып келеді. Сондай-ақ, инвесторларға сүйемелдеу жұмыстарын жүргізетін фронт-офистер қызметінің республика бойынша ерекше бекітіліп, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы базасында фронт-офис құрылды. Оның ерекшелігі – келушілер бір жерге шоғырланған 12 мекеменің

қызметін толықтай пайдалануға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ, аймақта инвестиция тарту мақсатында «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру бойынша жұмыстар атқарылууда. Бүгінгі күні оның тұжырымдамасы және келісімінің жобалары әзірленіп, орталық атқарушы органдармен келісілуде. Ол жөнінде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов:

– «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құрудағы негізгі мақсаттың бірі – «Байқоңыр» халықаралық ғарыш порты құру. Сондай-ақ, машина жасау, ғарыш индустриясы, электроника, химия және жеңіл өнеркәсіп тағы басқаларын қоса алғанда, инновацияға сай, жоғары технологиялы, бәсекеге қабілетті өнімдердің өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыру, «Байқоңыр» кешеніндегі халықаралық туризмді дамыту жоспарланған. Айта кетейік, «Байқоңыр» ЕЭА-ны іске асыру мерзімі 25 жылға есептелген. Қазір бұл мәселе төңірегінде Үкіметпен және ресейлік әріптестермен белсенді жұмыс жүргізілуде, – деген болатын.

Демек, дәстүрлі шараға айналып үлгірген, билік пен бизнес арасындағы диалог алаңы ретінде қалыптасқан «Baikonyg Invest» халықаралық инвестициялық форумның кезекті басқосуларында – «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағы да назарға алынатын болады.

Ал «Baikonyg Invest» ХІ халықаралық инвестициялық форумын өткізу алдағы күндерге жоспарланған. Инвестиция тартудың тиімді тетігі саналатын инвестфорумнан күтеріміз көп.

## МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Соңғы жылдары Қызылорданы жеммен қамтамасыз ету үшін «Жанар-Ай жем» жем зауытын аштық. Әйткенмен, мал шаруашылығы өрістетген өңірдегі сұранысты қамтамасыз етуге бір зауыттың шамасы келмейтіні анық еді. «Абай-Дәулет» және «Мағжан и К» компаниялары да бұл мақсатқа өз үлестерін қосып, бір-бір зауыт ашты. Десе де, шаруақор ағайын шоп бағасының өскеніне қиындады.

Дәулет ҚЫРДАН.

# Баға бұғауға көне ме?



Абай Батыраев жылқы малын бордақылау ісімен 15 жылдан бері айналысып келеді. Бірақ қымбатшылық жағдан алып бара жатқанын айтады. Бағып сатуың да қиындап кеткенін жеткізді.

– Базардан мал алу да қиын. Алыпсатарлар базарға келмей жатып, көліктен сатып алады. Үстіне қомақты қаржы қосып бізге сатады. Жем-шөптің қымбаттауы жағдайды тіпті қиындатып жіберді. Мәселен, бидайдың келісі 100 теңге, арпа да сол бағада. Ал күріштің ұнтақ жемі 50-55 теңге. Бидай кебегінің бір келісінің өзі 65 теңге тұрады. Бірнеше ай баққан еңбегіңді не істемексің? Ұры-қары да көп, маддан көз жасың қалсаң, қасқыр да қыр басында қарап тұр, – дейді ол.

Иә, жем-шөптің бағасы қалтаны қағып барады. Бейбарыс сұлтан көшесінің көпір тұсы жақын маңдағы ауылдардан шөп әкп сататындардың тұрағына айналған. Жуырда маңдайшасына «Ауыл базары» деп айдар тағылған алаңқай да ашылды. Ондағылар да оңай жолмен ақша тауып жүрген жоқ.

– Жүк көлігімен жұмыс істеп үйіреніп қалған соң жақын маңдағы елді мекендердің шаруашылықтарынан сатып аламыз. Үстіне аз-маз қаражат түгелдей сатып алатындар аз. 10-15 данадан үйді-үйге аралап тастап кетеміз. Осылайша 2-3 күн көлікте түнейміз. Қазір жоңышқа пресі 700 теңгеден, қара шөптің пресін 350-400 теңгеден сатып жатырмыз. Халық қымбат деп жатыр ғой, бірақ жанармай бағасын көріп қатырмыз. Ауылдағы шаруаларды демейтін де сол бағдарлама, – дейді ол.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары мал азығының бағасы өсті. Бұған жанар-жағармай мен тұқымның қымбаттауы себеп болып отыр. Өйткені оны өндірушілердің еңбегі, маңдай шөбі де өтелуі тиіс. Сондықтан бағаны себепсіз өсірді деуге де негіз жоқ. Рас, бір ғана жоңышқа пресінің дайындалуының өзі бірнеше процестен тұрады. Ол үшін тыйайтқыш пен жанармай керек, оған жұмыс күшін қосыңыз. Уақыты келгенде орып, келтіріп, преске басады. Ол да біраз жұмыс күші мен жанармайды қажет етеді. Тіпті көлікке тиіп, сізге жеткізіп беру де оңай шаруа емес. Түптеп келгенде, мал өсірудің де машақаты аз болмай тұр...

# Теория мен өндірістің ұштасуы кәсіби білік пен дағды қалыптастырады

Қазіргі таңда, аймақта бірнеше оқу орны осы жоба бойынша кадрларды даярлауға мүмкіндік алды. Олардың қатарында И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі, Қызылорда медицина жоғары колледжі, Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі, М.Мөметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі бар.

Студенттердің білімін жетілдіру мақсатында қолға алынған жұмыстардың бірі – олардың жатақханамен қамтамасыз етілуі. Бұл тұрғыда облыс бойынша 30 колледждің 19-да жатақхана бар болса, 10 колледждің құрылыс жұмыстары үшін 12,5 га жер телімі рәсімделді. Ал, жыл соңына

қарай «ДилМаш» ЖШС-ның 330 орындық ғимараты жатақхана ретінде пайдалануға берілме. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасына сәйкес аймақтағы барлық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында студенттерге қызмет көрсету орталықтары ашылып, өз жұмысын бастады. Орталықтар арқылы студенттер мен колледж қызметкерлері өздеріне қажетті мемлекеттік қорсетілетін қызметтер бойынша анықтамаларды ала алады.

Жалпы теориялық білім тәжірибемен ұштасқанда ғана маман өз кәсібінде тәсілетінің ескерсек, облыста студенттерді өндірістік тәжірибеге тарту жұмысына да елеулі көңіл бөлініп отыр.

– Тұңғыш Президент Н.Назарбаев өз Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылық жағары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалды сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет» деген еді. Расымен, еліміздің экономикасының өсуіне байланысты студенттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, бәсекеге қабілетті, құзыреттілігі қалыптасқан білікті маман дайындаудың маңызы күннен күнге артып отыр. Осы тұста айта кету керек, облыста техникалық және кәсіптік білім алып жатқан студенттерге барынша жақсы мүмкіндіктер қарастырылуда. Соның бірі – өндірістік мекемелермен әріптестік қатынас орна-

ту. Қазіргі таңда, аймақтағы оқу орындары 216 жұмыс беруші әлеуметтік әріптес мекемелермен келісім-шартқа отырды. Соның негізінде 5636 білім алушы оқу-өндірістік тәжірибеден өтті.

Өңірдегі оқу орындары да талапқа сай жұмыс жасауда. Мәселен, 12 оқу орны институтоналды және мамандандырылған аккредитациядан сәтті өтсе, техникалық және кәсіптік білім беретін 8 оқу орны жоғары колледж статусын иеленді. Оған қоса кәсіптік білім беру саласында білім алушылардың жұмысшы мамандығы бойынша бірнеше біліктілікті қатар алып шығуына қол жетті. 11 колледжде 18 мамандық бойынша білім алушылар 38 жұмысшы біліктілігін алатын болады. Өткен жылы 360 инженер-педагог біліктілік

арттыру курстарын тәмамдаса, биыл 241 инженер-педагог біліктілігін арттырады. Мұның барлығы білімге, кәсіби біліктілікке жіті назар аударып, жастардың сапалы маман иесі болып шығуына жасалған жағдай деп білемін, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мендебекова.

Жалпы облыста жастардың заман талабына сай маман болып қалыптасуы мен өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру саласының ілгерілеуінде атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Біз атаған көрсеткіш соның бір парасы ғана. Алдағы уақытта да колледждер кәсіптік және техникалық білім беруді кәсіби стандарттарға негіздеп, экономиканың қажеттілігімен байланыстырады деген сенім бар. Себебі, бәсекеге қабілетті маман – қоғам сұранысы.

## БРИФИНГ

Облыс әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы эпидемиологиялық бөлімінің меңгерушісі Салтанат Балықбаева, орталықтың дәрігер-әдіскері Жанымқұл Қыстаубаева мен емдік-қомак бөлімінің дәрігер-инфекционисі Айтқұл Балмаханова ВИЧ/СПИД, яғни, АИТВ/ЖИТС-тің өзекті мәселелері туралы айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

# Қатерлі кеселге қарсы кампания



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымымен 1988 жылы бірінші рет 1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні ретінде аталып өтті. 1999 жылдан бастап бұл шара кампания болып аталып, оның аясында түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Биыл да дәстүрге сай 5 қараша-5 желтоқсан аралығы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес кампаниясы болып жарияланды.

– Кампанияның мақсаты – халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы қатерлі топ өкілдерінің АИТВ инфекциясы туралы ақпараттану деңгейін арттыру, жасөспірімдерді зиянды әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау. Биылғы

шара «Қоғамдастықтың маңызы» ұранымен өтуде, – деді С. Балықбаева.

Бүгінде республикада АИТВ жұқтырып тіркелгендер саны 35999 адамды құрап отыр. Облыста ауру алғаш анықталған уақыттан бері 158 адам тіркелген. Биылғы он айда 15 адамнан АИТВ инфекциясы анықталған, 7-і ер адам, 8-і әйел. Оның 73,3 процентін жынстық қатынас арқылы жұқтырғандар құрады.

Мамандар бүгінде аталған дерттің медициналық мәселелер қатарынан жұмыс, экономикалық, әлеуметтік проблемалық айналыпанып айттып, қатерлі кеселден аман болу үшін әр адам өзін зиянды әдеттерден аулақ ұстау керектігін ескертті.

# Жылу маусымы: жұмыс жүйелі, отын қоры жеткілікті

Қараша түсімен күн суытып, алғашқы қар да жауып үлгерді. Қызылорда «кәрі құданы» қарсы алуға қаншалықты дайын? Аязды күндері аура-сарсаңға салатын көмір қоры билік жеткілікті ме? Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мамандарының айтуынша, қалаға 15 қазаннан бастап жылу тұрақты беріледі.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Қазір облыс бойынша білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы 1185 әлеуметтік нысан және орталықтарындағы жылу жүйесіне қосылған 762 көпқабатты тұрғын үй жылумен қамтылған.

Айта кетейік, жылу маусымында әлеуметтік сала нысандары үшін 37,5 мың тонна қатты отын, 22 мың тонна сұйық отын қоры қажет. Бүгінде отын қорын жеткізуші мекемелермен келісім-шарт жасалып, тұрақты тасымалдануда. Сондай-ақ, 178,4 мың тонна көмір отын да жеткізілген. Жалпы, жылу беру маусымында Қызылорда жылу-электр орталығында 4,6 мың тонна нормативті отын қоры жасақталған.


Ал, тарифке келсек, баға қымбаттамаған. Тіпті, жылу тарифінің сәл де болса төмендегені байқалады. Айталық, «Қызылорда жылу-электр орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын беру және болу қызметіне уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты жылу энергиясының орташа тарифі 1,2%-ке, соның ішінде тұрғындар үшін де осыныша процентке төмендетілген.





ӨЗЕК

# Желідегі балаға бақылау керек



Желідегі сөз бостандығын теріс пайдалану қоғамдағы агрессия деңгейінің асқынуына алып келуді әбден мүмкін. Зияны жоқ ақпарат алмасу интернет зорлық-зомбылық – кибербуллингке қалай айналады және одан бала қалай қорғануы керек? Бұл туралы «BilimFoundation» қоғамдық қорының облыс бойынша өкілдігінің жетекшісі, психолог Сымбат Әбдірахмановаға бірнеше сауал қойған едік.

– Алдымен кибербуллинг ұғымның нақты анықтамасын білесек. Мәселе қаншалықты өзекті және неден бастау алады?

– Кибербуллинг – интернет-технологияларды, компьютерлерді, гаджеттерді және басқа да электрондық девайстарды қолдану арқылы біреуге мақсатты және қайталанмалы түрде келтірілетін зиян. Бұл термин бірінші кезекте балалар мен жасөспірімдерге қатысты желі зорлық-зомбылығының сипаттамасы екенін айтып өткен жөн. Себебі ересектерге қатысты бұл ретте «киберхарассмент» деген танымал ұғым бар.

Балалар арасында топ мүшелерінің бірін агрессия құдалану не қорлау мәселесі бұрыннан бар болғанымен, интернеттің дамуына байланысты мектептер мен өзге алаңдардағы классикалық зорлық-зомбылық желі кеңістігіне өтіп, таралымы бүгінде бақылаудан шығып жаралы. Мәселен, әлеуметтік желілермен танысқан адам үшін бұл – бүгінгі күннің жана нормаларына лайық болу құралы. Жана заман баласы үшін интернет – қоғамға бейімделу процесінің үлкен бөлігі өтетін кеңістік. Өз кезегінде, баланың желіде қалыптастырған әлеуметтік нормалары көпшілігі өміріне өтіп, қарым-қатынасына тікелей әсер ете алады. Осыдан-ақ, кибербуллингтің, яғни желідегі қорлау, қудалау мәселесінің өзектілігін байқауға болады.

– Интернет зорлық-зомбылықтың түрлері қандай?

– Бүгінде желі қолданушыларының белсенділігінен туған кибербуллингтің сан түрлі жіктелісі бар. Олар: флейминг, троллинг, жала жабу, адам құпияларын ашу, жаю, желіде тұл-

ғасын ұрлау, остракизм, алаяқтық, киберсталкинг, секстинг және т.б. Мұның бәрі балаға желіде телефон немесе СМС арқылы шабуыл жасау түрлері. Сондай-ақ, «кибербуллинг» ұғымы аясына буллингтің тікелей және жанама түрлерін де жатқызуға болады. Бұл, өз кезегінде, қудалау, зорлық-зомбылық көрсету процесіне өзге адамдардың тікелей қатысуын білдіреді. Мысалы, баланың желідегі ақпауының оның достарына немесе мұғалімдеріне агрессия, қисынсыз хабарламалардың жіберілуі – соның айқын белгісі.

– Кибербуллинг қаншалықты қауіпті? Сақдары қандай?

– Қауіп деңгейін білу үшін интернет зорлық-зомбылықтың белең алу себептерімен таныс болу жеткілікті. Біріншіден, желіде шабуыл жасау өте ыңғайлы, адам арам пияғын жасырын және негізгі шаруаларынан бөлінбестен жүзеге асырады. Екіншіден, қудалаудың бұл түріне үлкен аудиторияны тарту оңайырақ. Бұл ретте, агрессорларға психологиялық тұрғыдан жеңіл, себебі желіде ешкім ешкімді тікелей көрмейді және әрекеттеспейді. Сондай-ақ, бақылаушылар саны да бірнеше есе артады, себебі, өзгені жабырқақ пікірге лайқ қоя салу оны текпеннен әлдеқайда жеңіл.

Балалардың көпшілігі қудалауға тап болғанын айтпайды, сәйкесінше, ешбір шара қолданбайды. Бұл, өз кезегінде, кибербуллинг қаупі мен салдарын одан бетер арттырады. Себебі, кері байланысы болмағандықтан, қарсыластың интернет шабуылы ұзаққа созылуы мүмкін. Құрбанының реакциясын байқамаған агрессор қудалауға жұмсаған күшінің

қайтарымын көрмейді. Бұл фактор жөбіренушінің жағдайын одан әрі қиындатады, себебі желіде агрессордың шын мәнінде қаншалықты қауіпті екенін бағалау мүмкін емес.

– Кибербуллингпен күресу, алдын алу мақсатында қандай жұмыстар атқарылып отыр?

– «Сандж» орталығының бытырғы зерттеуіне сүйенсек, сауалнамаға қатысқан мектеп оқушыларының 66 проценті мектепте түрлі дискриминацияға (буллинг, бопсалау, қудалау, физикалық және психологиялық қысым көрсету, кибербуллинг) тап болған. Мәселе өзектілігін ескере отырып, облыстық білім басқармасы «Bilim Foundation» қоғамдық қорымен күш жұмылдырып отыр. Тараптардың бірлесуімен арнайы мамандар мектеп оқушыларына кибербуллинг туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, мұғалімдер мен ата-аналарға мәселенің алдын алу, тап болған жағдайда күресу тұрғысында арнайы тренинг сағаттарын өткізуде. Сондай-ақ, қорлау-қудалауға тап болған балалар анықталып, оларға жүзілі психологиялық көмек көрсетіліп отыр. Одан бөлек, өңір оқушылары арасында арнайы сауалнамалар арқылы желі зорлық-зомбылығының енді ғана басталған жағдайлары анықталып, балаларды уақытында ақпараттандыру арқылы мәселені түбірімен жою амалдары жасалды.

– Желіде қорлау, қудалауға тап болған балалар мен жеткіншектер қалай қорғануы керек?

– Ар-намысқа тиетін электрондық хаттар алып, әлдепсіз бейнероликтер мен суреттер, жалған ақпаулар арқылы тиісудің құрбанына айналған жағдайда, бала оларға жауап берместен, қорлау белгілері бар хаттардың скриншотын жасап, сақтап қоюы керек. Жала жабуға тап болса, агрессорға бұл қадамның қылмыстық іс екенін еске салуы керек. Интернетте жеке өмірге қатысты сурет, видео немесе өзге де жеке ақпаратты жариялама бұрын жақсылап ойланған жөн. Әлеуметтік желідегі құпия сөздерді жиі ауыстырып, байланыстар тізімін тазалап тұру керек. Күмәнді онлайн-топтарға жазылмаңыз. Ұрыс-керіс, қорлау, флейм бар хаттардан дереу шығып кету керек. Біреу қорқытып, қауіп төндірген жағдайда, бала дереу ата-анасына немесе өзге жақынына хабарлауы тиіс. Абзалы – қорлау-қудалау тоқтамаған жағдайда полицияға қоңырау шалу.

Әңгімелескен  
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

## Кредит қай кезде қуаныш әкеледі?

Банктік қарыздар бізге жаңа автокөлік, туристік жолдама сатып алу немесе мерекелердегі шығындар секілді әртүрлі өмірлік жағдайларда көмектеседі. Бірақ кей кезде тауарлар мен қызметтердің көптігі бізді ойластырылмаған сатып алуларға итерелейді, оның салдарынан өмірімізді күрделендіретін қарыздарға батамыз. Кредит алып қажет пе және оны өтей алмайтын жағдайда не істеу қажет? Банк ВТБ (Қазақстан)-ның Қызылордадағы филиал директоры Дәурен Сейтжановқа осы және басқа да сұрақтарды қойған болатынбыз.

– Айтқаныңыз, кредиттеудің қандай түрлері көп танымалдыққа ие?

– Бүгінгі таңда Банк ВТБ (Қазақстан) жеке тұлғаларға тұтынушылық қарыздар, автокредиттеу, тауарлық қарыздар және кредиттік қарғалар секілді кредиттеудің әртүрлі нұсқаларын ұсынады. Олардың ішіндегі ең танымалы – 5 жылға дейінгі мерзімде 5 000 000 теңгеге дейінгі сомада берілетін «Қолма-қол кредит». Айтпақшы, қазір оны біздің банкте жылдық 15% мөлшерлесімен алуға болады, ал бұл нарықтағы ең тиімді ұсыныстардың бірі. Сонымен қатар, егер клиент кредитті пайдалану мерзімінде мерзімді кешіктіруге жол

берсе, ВТБ оған оның үстіне сыйақы сомасынан 9%-ын қайтарарды.

– Сіздің банк тұтынушылық кредитті кез келген адамға бере алады ма әлде Сіз шешімді қабылдай отырып, клиенттің төлем қабілеттілігін қатаң түрде бағалайсыз ба?

– Біздің миссиямыз клиенттерімізді қаржылық сауаттылыққа үйрету және экономикалық тұрақсыздық уақытында қаражатты және отбасылық бюджетті оңтайлы басқару деп білеміз. Өкінішке орай, адамдар кредитті бір мезеттік қалауларға, болашақты ойламай алатын кездер жиі болады. Біздің банкте кәсіпқой мамандар жұмыс істейді, олар клиенттің мүмкіндіктерін бағалай отырып, оған ең жақсы нұсқалар ұсынады. Егер біз адамның қызба қалаулардың қысуымен, мысалға, қандай да бір өте сәнді тауарларды сатып алуға қарыз алғысы келетінін, бірақ мұндай сатып алудан кейін оның табысы қазіргідей өмір сүруге мүмкіндік бермейтінін байқасақ, онда біз клиентті мұндай сатып алудан және оған кредит алу-дан сактандыруға тырысамыз.

– Адам кредит алып, бірақ оқыс жағдайдың әсерінен (мысалы, жұмыстан айырылу) кредитті төлеуге шамасы болмайтын кезде не істеуге болады?

– Ең алдымен банкке жүгініп, өзінің проблемасы туралы айтуы қажет. Кредиттік ұйымдар көп жағдайда адал клиенттерге қол ұшын беруге тырысады және екі тарапқа да қолайлы болатын алдағы



уақыттағы серіктестіктің нұсқаларын ұсынады. Мысалы, егер сізде табыс көзі бар, бірақ ол азайған жағдайда не болмаса қарыздық жүктеме Сіз үшін ауыр екенін сезінсеңіз, кредитті басқа банктен қайта қаржыландыруға болады. Мысалы, Банк ВТБ (Қазақстан) басқа банктен алынған қарыздарды қайта қаржыландыру бойынша тиімді шарттар ұсынады. Осы құралдың көмегімен Сізге кредит бойынша сыйақының мөлшерлесімін азайтуға, төлем мерзімін ұзартуға және тіпті қарыз сомасын 5 000 000 теңгеге дейін арттыруға болады.

Банк ВТБ (Қазақстан)-нан кредитке немесе қайта қаржыландыруға өтінішті банктің сайтында немесе 5050 нөмірі бойынша қалдыра аласыз.

(ҚР Ұлттық Банктен 2019 жылдың 16 сәуірінде №1.2.14/39 лицензиясы берілген)

МИРАС

## Шеберден із қалады



Жосалы кентіндегі Қ.Нәметша атындағы көшесінде кәсіпкер Жәнішевтың қызы Гүлжанаттың үйіне барғанда «Бұл Шөмекей ұстаның үйі болды ғой» деді темірді ұрғанынан-ақ таныған Қазбек аға.

сы жұмыс істейтін көрінеді. Ер-тұрман, шапырақ, уық та жасаған. Алтын мен күмісті балқытып қуған зергерлік бұйымдары сол кездері тапсырыс бергендердің қолында әлі бар. Үш ұлының ішінде бала шағынан өкпені ұстаханасынан шықпай, әр шаруаның шалғайына оралып, құлық танытқаны осы Шөмекей ғана. Өкпенімен бірге ұстаханаға бас сұққаннан қас қарайғанда ғана шығатын көрінеді. Арада жарты ғасырдан көп уақыт өтсе де әке пайданған құрал-сайманның бәрі сақталып, Шөмекей ағаның ең қымбат мүлкі де солар. Әлдебір үйіне істеуге еңжалдық таңытып, ұстаханадан темірді қатты-қатты соккан дьбыс шығады. «Бұл әке ісін аяқсыз қалдырмаңдар деген белгі деп ұғамын», – дейді шебердің өзі.

Аула ішіне қарай бет алсаң қарсы алдыңдағы ұстахана көзге бірден түседі. Көркіретің көмір бықсымайды, қоздап жанбайды, қызара бөртпін қана тұр. Шөмекей ұста бүгін де таңғы

тіршілігін осында бастағаны анық. Бізді көре салып көріктің көмейінің жан-жағын тиянақтай ысырып, қоламтасын көсеп, жымып қана күлді. Бар ынтысымен істеп жатқан жұмысын бөліп жібердік-ау. Сол абырап өзін қайта жинап алды да үйге кірді деп, екі қолын тазартпақ болғандай көйлегіне ысқылдай берді. Ұстахана алдындағы көленкеге жайғасып, әңгіме өрбіттік.

Қолынан іс келмейтін адамдар заттың да, оттың да, шоттың да қадірін білмейтін анық. Шөмекей Кенжебаев – осы үшеуінің де қадірін біліп, одан үйлесіріп алуан түрлі қолдесейлер, басқа да дүниелер жасап жүрген хас шебердің өзі. Оның жасаған балға, балта, кетпен, күрек, қалағы сол мандағы үйлердің бәрінен тартылады. Токшайнек, самаурын жөндейтін бір бөлек. Істен шыққан көліктерді қайта қалыпта келтіреді. Жасаған болаттай берік темір есік пен дарбаза, шарбақтары өз алдына.

Қолынан келмейтін іс бар екен деп ойланп қаласың.

Ол еңбекке ерте араласыпты. 8-сыныптан кеткен арқалап кеншар жұмысына кіріскен. «ПЧ» мекемесінде де ұзақ жыл ұста болып жұмыс істепті. Зейнет демалысына шыққанына көп болған жоқ. 6 баланың әкесі. Бес ұлы да дәнекерлеу ісінің шебері. Бәрі де осы мамандықты кәсіп етеді. Нұр-Сұлтан қаласында тұратын Абдулхамит өзіне тартқан. Қолынан келмейтін жоқ. Темірден түйін тую – екінің біріне бұйырмайтын бақ. «Өкеде» кезінде менде ғана осы қасиет болса, менің де бір ғана ұлыма дарыды. Киелі өнер ғой бұл» деді ол.

Темірден түйген түйер жан-дарды «Тәңірдің өзі жіберген іс істеуші адамдар» деп халық бекер айтпаған. Аса құрмет тұтқан бұрыннан. Темірші ұсталар өз ісіне кірісер алдында рухани тазалыққа мән берген.

Иә, Шөмекей Кенжебаев – ұста ұрпағы. Оның ұлттық жойылып бара жатқан дәстүрлі қолданбалы өнерін жоғалтпай, қайта жанғыртқан еңбегіне әлі талай ұрпақ тәтті болатыны сөзсіз. Себебі шешеннен сөз, шеберден із қалады.

Гүлжанат ДҮЗЕНОВА.

ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

### Қызылорда маңында жүк көлігі өртенді

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автожолының Қызылорда қаласына жақын тұсында «Mercedes» жүк көлігінің кабинасы жанып кетті.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, өрт сөндірушілер жалынды жеті минут ішінде сөндіріп үлгерген.

Өрт салдарынан ешкім зардап шеккен жоқ. Түркістан облысы Ордабасы ауданында тұратын жүк көлігінің иесі ешқандай дәрігерлік көмекке жүгінбеді.

– Өрт сөндірушілер барғанда жүк көлігінің кабинасы мен үш дөңгелегі жанып жатты. Алдын ала жасалған болжам бойынша өрт электр сымдарының қысқа тұйықталуынан шыққан. Биыл халықаралық автожолдың облыс аумағында 19 өрт оқиғасы тіркелді, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Руслан Қайрақбаев.

### Жолаушылар құтқарылды

Арал ауданында құтқарушылар жолда қалып қойған жолаушыларға көмек көрсетті. Аудандық №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің байланыс бекетіне жолаушылардың жолда қалып қойғаны жөнінде хабар түскен.

Оқиға орнына жедел жеткен құтқарушылар «Mercedes-Benz» маркалы жеңіл автокөлігінің «Самара-Шымкент» автожолының 1417 шақырымында жолда қалып қойғаны анықтады. Көліктің қозғалтқыш бөлігі бұзылып, істен шыққан.

– Жолаушылар Атырау қаласынан Түркістанға бағыт алған. Құтқарушылар 2 жолаушыны Қамыстыбас елді мекеніне жеткізді. Олар медициналық көмекті қажет еткен жоқ, – деп хабарлады облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі.

### Іздеу жұмыстары нәтиже берген жоқ

Арал теңізінде жоғалып кеткен балықшының денесі табылмай жатыр. Бұл жөнінде облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шаменов мәлім етті. Оның айтуынша, құтқарушылардың іздеу жұмыстары әзірге нәтиже берген жоқ.

– Қазіргі таңда облыста ауа райы құбылмалы болып тұр. Сондықтан тұрғындардан барлық сақтық шараларына көңіл бөледі сұраймыз, – деді ол.

Айта кетейік, оқиға 2 қарашада болған. Сол күні Арал теңізіне балық аулауға шыққан екі балықшы жоғалып кетті. Ауа райының күрт құбылуынан «Бақыт» шаруа қожалығында келісім-шарт бойынша еңбек еткен 25 және 26 жастағы екі азамат хабарсыз кетіп, 7 қарашада біреуінің денесі табылды.

### Қалқымалы көпірдің жай-күйі

Арал ауданы аумағында Сырдария өзені үстінен өтетін қалқымалы көпірдің орнынан жылжып кету салдарынан Аманоткел, Жаңақұрылыс, Қызылжар елді мекендеріне жол қатынасы тоқтап қалды. Сырдария өзені арқылы Қазалы ауданы аумағына қалып сел тосыннан келген.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев өткен сенбіде қалқымалы көпірдің қазіргі жағдайымен танысты. Бүгінде дария бойында мұздың ұстасып қалуына байланысты көпірді қалпына келтіру мүмкін емес екені анықталды. Мұз үсті қалыңдатылып, жаяу жүргіншілердің жүруіне қолайлы жағдай жасалды.

Сондай-ақ, аудан орталығы мен Қызылжар елді мекені бағытындағы жолаушылар автобусы мен басқа да автокөліктер уақытылы қатынауда.

Шынар БЕКБАН.  
«Сыр бойы».

КЕРЕК КӘСІП

## Арман адастырмайды

Психолог-мамандар жаңа жайлылық сыйлайтын әуестік күйзеліс пен көпқездіктен аршуға көмектесетінін дәлелдеген. Қазір оны тиімді кәсіп көзіне айналдыруға мүмкіндік бар. Кезекті кейіпкеріміз – осы сөздің дәлелі.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Нұрсұлтан Ахметовтің негізгі мамандығы – сәулетші. Алайда, ол бала кезінен аспаз болуды қалаған. Арман алға жетелеген болар. Уақыт өте облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мамандарының қолдауымен қулинарлық шеберлік сыныбында шындалып, көптеген тәжірибелі шеф-аспаздармен бірге классикалық тағамдарды, экзотикалық асты дайындап үйренуді бастаған. Соның нәтижесінде қазір қаладағы ең креативті саналатын «Кимчи» мейрамханасында аспаз қызметін атқарады.

– Асхана – мені ерекше көңіл-күйге бөлейтін орын. Бұрынғыда галамтор желісіндегі рецептермен танысып, көрген-білгенімді жүзеге асыруға талпынатыным. Бірер жыл бұрын осы хоббиді табыс көзіне айналдырдым. Бұл – керемет әліс. Тек түгесілмейтін қиял, таусылмайтын шабыт керек. Қазір корей тағамдарын дайындап жүрмін. Бұл елдің ұлттық асханасы



әртектілігімен ерекше. Ең бастысы, әрбір келуші бізде ауқаттанып, керемет көңіл-күйде тарқасады. Мейрамхананың аура-

сы жағымды. Үйдегі жайлылық, барлығы егжей-тегжейлі ойластырылған, – дейді ол. Әңгіме барысында талапшыл жас алдағы уақытта қала орталығынан ұлттық асхана ашықсы келетінін де айтты.

– Қазір кулинарияға қатысты дүниелерді, француздың классикалық кулинариясының негізін салушы аспаз Огюст Эскофье-нің кітаптарымен танысып жүрмін. Онда бұл мамандықтың асқан дәлдікті талап ететіні, ерекше рецепт ойлап табу, тағамды әсемдеу үшін де шығармашылық қабілет керектігі жазылған.

Әлем елдерінің асханасы әлдеқашан бір ізге түскен. Ал, бізде бұл тұрғыда кемшілік аз емес. Мәселен, қазір тұрғындар өзбек палауына, ұйғыр лағманьына, итальян пиццасы мен корейдің ашы тағамдарына, түрік дөнеріне құмар. Қазақтың дастарқаны бұдан да бай деп есептеймін. Ерекшелігі көк, денсаулыққа тигізер пайдасы да мол. Сондықтан болашақта ұлттық сусынымыз бен тағамымызды паш ететін мейрамхана ашу жоспарымыз бар, – дейді Нұрсұлтан.

Кейіпкеріміз жарқын болашаққа деген ұмтылыс алға жетелейтініне сенімді. Осы кезге дейін бастаналы болуды армандаған. Қалағаны орындалды. Жұырла ол балалар үйінің түлегі ретінде сол жағалаудағы жаңа пәтерге қоныстанды. Қуанышында шек жоқ. Осыған қарап, біз «Арман адастырмайды», ұмтылыс жүсаған сайын жақындай түседі» деген ой түсідік.

### Хабарландыру

«Еңбек Жер» ЖШС 2019 жылдың 28 қарашасы күні сағат 15.00-де серіктестік құрылтайшыларына жалпы жиынның өткізілетінін хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Еңбек ауылы, Т.Дәуітбаев көшесі №5 үй (орталық мәдениет үйі).

Күн тәртібінде:  
1. «Қызылорда облыстық жеке сот орындаушыларының №1386 08.11.2019 жылғы хабарламасына байланысты».

«Еңбек Жер» ЖШС әкімшілігі.



КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақ футболының бүгінгі қарқыны жайында спорт сарапшылары мен жанкүйер қауымның арасында неше алуан пікірлер айтылып келеді. Бірі соңғы уақытта елімізде футбол ойыны жанданып келе жатқанын, енді бірі керісінше, отандық футболшылардың алаңдағы баяу қимылына көңілі толмайтынын жеткізеді.



Қалай дегенде де, бүгінде қазақстандық футболға деген сын көп айтылып жүргені рас және оны айналдырғын өтпей алмаймыз.

Еліміздегі футбол тарихын тарқатсақ, заман жазушымыз Мұхтар Әуезов ең алғаш 1911 жылы Семейде жергілікті қазақ және татар жастарынан құрылған «Жарыс» футбол командасының сапында ойын көрсеткен. Демек, біз бұдан әу бастан-ақ рухани-ақпараттық спортпен егіз ұғым екенін аңғарамыз. Ендеше, сонау XX ғасырдың басында қалам ұстаған зиялы қауым өкілдерінің өзі қызығып, қолдау білдірген қазақстандық футболға бүгінгі күні неге көпшілік жанкүйердің көңілі толмай жүр?

Меніңше, оған бір ғана себеп бар. Мемлекеттен қаржыланып отырған қазақ футболына, ондағы ойыншыларға шеберліктен бұрын ұлттық рух, бұйықпаған намыс, сергектік жетіспейді. Еліміздің барлық клубтарында ойын көрсетіп жүргендердің 60-70 проценті легионерлер, яғни, өзге елдерден келісім-шарт арқылы келген жалдамалы ойыншылар. Айта кететін жеріміз керек, негізі спорттың қай түрінен де нәтиже көрсетіп, жеңіске жету үшін ол спортшының бойында алдымен ұлттық рух жасындай жарқылдап тұруы керек. Екіншіден, сол кеудесіндегі өр рухы арқылы туған жерін, елін, Отанын сүйген азамат болғаны абзал. Өйткені, туған жерінің қасиетін бойына сіңірген, Отанын шын сүйе алмаған адамның бойында рух та болмайды, ол сын сағатта ел намысы үшін атой сала алмайды.

Өзірге біздің намысымыз да, рухымыз да жүрекке емес, тілімізде ғана болып тұр. Сол тіл ұшындағы жүзі майырлыған қылыштай жалған намыспен барлығын «жоғалта» беруге болмайды. Әрісін айтпағанда, осыдан бір ғасыр бұрын ғана күллі әлемді мойындатқан күш атасы – Қажымұқан мен Балуан Шолақты туған халықтан қалайша әлемдік деңгейдегі спорт сандақтары шықпайды?! Ел ішінде жасыл алаңда доп тебуден әлемге әйгілі футболшылардың алдын орап кетпесе де, олармен таласа алатын футболшылар бар. Олай болса, қазақ футболы неге ілгерілемей келеді? Қалай дамытпақ керек? Мұның бір ғана жолы бар, мемлекеттен қаралған қаржылай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ауылдар мен елді мекендерден футбол алаңдарын ашу керек және оған «ауылдық жер ғой...» деген атүсті түсінікпен қарамай, материалдық базасын нығайтып, тәжірибелі жаттықтырушылармен де қамтамасыз ету керек. Сонда ғана біздің қазақстандық футболшылар ойын барысында ауысымды

күтіп отырмай, яғни қосалқы құрамда ілбін жүрмей жасыл алаңға өздері шығады да, легионерлер ақырындап шеттей береді. Бізде «слайд асқа – тік қасық» болатындар көп. Қыруар қаржыға келісім-шартпен келетін легионерлердің қазақ футболына көптеп тартылуы да осы жайды аңғартады. Тынымсыз тер төгілгенде ғана еңбектен нәтиже шығады. Бірақ, біз бүгін рейтинг көтеру үшін доп тебуге шет елдерден ойыншылар алдырып отырмыз. Ал, өз алаңына иелік ететін талантты қазақ балалары түрлі дәрежеде өтіп жатқан чемпионаттарды тек теледидардан ғана тамашалап келеді.

Бұл сөзіме кеше ғана Қызылорда қаласында жас-өспірімдер арасында өткен футболдан ашық турнир дәлел бола алады. Қазір қала орталығында футбол мектептері бар және онда көптеген қазақ балалары теңбіл допты тебугің қыр-сырын үйреніп жатыр. Алайда жоғарыда аталған турнирде «Динамо-1» (Қызылорда) командасын Сырдария ауданы Н.Лиясов ауылынан келген команда ойсырата ұтып кетті. Мұны ешкім күтпеген еді. Әрине, қала мен ауыл спортының жай-күйін қай жағынан болса да салыстыруға келмейді. Сондықтан Н.Лиясов ауылынан келген команданың жеңісіне көбі күмәнмен қарауы мүмкін. Бірақ, оған ешқандай негіз жоқ. Өйткені, аталған ауыл бүгінде республикаға белгілі һәм үлгілі. Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев өзі туған ауылын қалаға айналдырған. Ауылда әуелі спорт кешені және футбол алаңы бар. Міне, осындай жан-жақты жағдай жасалған футбол стадионында доп теуіп жаттығып жүрген, бойы да, ойы да биік, сайдың тасындай іріктелген балалардың жарыста жеңімпаз атанбауға қақысы жоқ. Сондықтан біз қазақстандық футболды дамытамыз десек, ауылдар мен елді мекендерге жағдай жасауымыз керек. Аты аңызға айналған әлемге әйгілі футболшылардың барлығы да қаладан шалғай шағын ғана қыстақтардан шыққанын естен шығармағанымыз жөн...

Қазақ футболын әлемдік деңгейге көтеру үшін Азия футбол конфедерациясының құрамынан УЕФА-ға мүше болдық. Оған да 17 жыл өтті. Бірақ, әлі ауыз толтырып айтардай өзгеріс бола қойған жоқ. ФИФА-ның рейтингінде әлі жүздіктің қатарынан көріне алмай келеміз. Тағы да айтпайық, қазақ футболының бағын жандыру үшін қалтасын емес, ел намысын ойлайтын қазақ балаларын дайындауымыз керек.

**А.ШАЙМАҒАМБЕТОВ,**  
облыстық футбол федерациясының вице-президенті.

# Жазушы еңбегі жас ұрпақ жадында

Көрнекті жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, М.Әуезов атындағы Ұлттық сыйлықтың, М.Шолохов атындағы сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжан Сыр елінің сағлақ перзенттерінің бірі еді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Қасиетті Қаратаудың етегінде дүниеге келіп, шығармашылық әлеміне құлаш сермеген қаламгер «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби», «Алан», «Таразы» сынды шығармалары арқылы қазақ әдебиетінің қорына айшықты қолтаңбасын қалдырды. Ұлттық әдебиетті қалыптастыру мен дамытуда өзіндік орны бар жазушының қаламынан 11 роман, 22 хикаят, 100-дің үстінде әңгімелер туған. Оның 20-дан астамы әлем тілдеріне аударылып, сегіз миллионға жуық таралыммен басылған.

Аймақтағы бірегей білім ордасы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Сыр өңірінен шығып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мә-

дени-рухани дамуына үлес қосқан тұлғалар есімін ұлықтаудың дәстүрге сай оқу орнының ғылыми кеңесінің шешімімен қазақтың көрнекті жазушысы Дүкенбай Досжанның өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында университеттің ғылыми кітапханасында электронды оқу залы ашылды.

Жылында қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев жазушы шығармашылығы туралы баяндап, әдеби туындылардың тарихи-танымдық мазмұны төңірегінде ой қозғады. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Сырдария кітапханасы» сериясы бойынша 200 томдық Сыр



бойы ақын-жазушыларының шығармалары жарық көрген еді. Аталған жинаққа Дүкенбай Досжанның да көркем туындылары енді. Осы орайда «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, «Сырдария кітапханасы» сериясының жауапты шығарушысы, профессор Бағдат Кәрібозұлы қаламгер ең-

бектерінің оқырман тарапынан үнемі сұраныста екенін айтты.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, ақын Қаршыға Есім-сейітова сөз кезегінде қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Сыр перзентінің есімін ұлықтау бастамасының өскелең ұрпаққа берері мол екенін атап өтті. Белгілі жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы көрнекті қаламгердің

қай жерде жүрсе де кіндік қаны тамған қасиетті топырағын есінен шығармай, өмірдегі қаламгерлермен те тығыз шығармашылық байланыста болғанын айта келіп, адами биік қасиеттерін еске алды.

Заманауи үлгідегі ақпараттық технологиялармен жабдықталған электронды оқу залында жазушы Д.Досжанның қаламынан туған барлық қолжазбалар қоры бар. Сонымен қатар, жиырмаға жуық еңбегі электронды форматқа көшіріліп, еліміздегі барлық жоғары оқу орындары білім алушыларының назарына ұсынылды.

Шараға облыстағы қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері мен университеттің оқытушы-профессорлары қатысты. Жазушының ұлы Ардақ Дүкенбайұлы, қыздары Айнуір мен Әсел және туған-туыстары шараға қонақ болды. Оқу залының ашылуына көп көмегін берген жазушының жары, белгілі қаламгер Сәуле Досжанова университет ұжымының игі бастамасына алғысын білдірді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## Тұрғын үй салып берді



Жуырда Жаңақорған ауданы Қыраш ауылының тұрғыны Өтешбек қария жаңа баспаналы болып, бұл қуанышына ауылдастары мен ағайындары ортақтасты. Заманауи үлгімен салынған бес бөлмелі үйді аудандық мәслихат депутаты, белгілі мейенат, кәсіпкер Әлібек Нәлібаев салдырып берді. Үйдің ішіне бу қазандығы орнатылған, от бір жерден жағылады. Суы сарылдан ағып тұр. Бұл – кәсіпкердің Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туған мәуліт айындағы қайырымдылық шарасы.

– Өтешбек ағаны малын бағумен, ал ел еге-жастайымынан білемін. мекендігі алғаннан кейінгі жылдарда «Бақытжан» саналы ғұмырында қоғам шаруа қожалығында ұзақ

жылдар еңбек етті. Зейнетке шыққаннан кейін тұрақты мекені болмады. Ақылдаса келе үйді Қыраш ауылынан салуды бастадық. Міне, енді бүгін қоныс тойы тойлануда, – дейді мейенат.

Аудан имамы Сейдулла қажы да қасиетті Мәуліт айында жасалып жатқан қайырымдылық шарасына орай, «Қайырымдылық – мұқтаж жандарға көрсетілетін нақты көмек, ізгіліктің анық көрінісі, адамның асыл қасиеті. Кісінің айналдырып адамдарға танылатын тамаша қыры да қаншалықты қайырымды екендігінен байқалады» деді.

Жаңа үйдегі қоныс тойының жоғары деңгейде өтуін де кәсіпкер көтеріпті. Шара барысында Өтешбек аға іргетасын қалаудан бастап үйді толық бітіргенше қырылыс жәйіттерге басшылық жасаған Жамбылға ризашылығын білдірді.

**Н.НАЗЫМХАНУЛЫ,**  
Жаңақорған ауданы.

ГИБРАТ

## Ұлттың асыл мұрасы

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» атты шеңберлік өнерлен облыстық байқау өтті. Оқушылар арасындағы байқауды қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырды. Байқауда 20-ға жуық қатысушы өзара сайысқа түсіп, ұлттық мұра асыл мұрасы – шеңберлік өнердің өміршеңдігін тағы бір аңғартты.

– Шешендік өнер – тұтас тарихпен ұштасып жатқан қымбат қазынамыз. Қазақ қашанда сөз қалдырған өз қалдырып өтті. Бірақ, әлі ауыз толтырып айтардай өзгеріс бола қойған жоқ. ФИФА-ның рейтингінде әлі жүздіктің қатарынан көріне алмай келеміз. Тағы да айтпайық, қазақ футболының бағын жандыру үшін қалтасын емес, ел намысын ойлайтын қазақ балаларын дайындауымыз керек.

Байқауда қатысушылар қоғам қайраткері Сәпен Аңсаовтың «Болмыс» және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ұларбек Нұрғалымның «Дайғашымыз» кітаптарын оқып, аталған шығармалар-

дан түйгендерін көрерменге жүйелі түрде әңгімелеп берді.

Байқауда «Болмыс» кітабының авторы Сәпен Аңсаов, ҚР мәдениет қайраткері, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмаханов және айтқыр ақын Мұхтар Ниязов қатылық етті. Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Қазалы ауданындағы №16 мектептің оқушысы Аяулым Зұлқарнай жөніп алды. Ал қаладағы №261 орта мектептің оқушысы Мардан Өмірзақ пен қазалылық Сымбат Ердаулет келесі жүлделі орындарды өзара бөлісті. Сондай-ақ, үшінші орынға жалағаштық №201 мектептің оқушысы Ақжібек Жалғас пен қызылордалық Әли Асқар лайық деп танылды. Жеңімпаздар мен барлық қатысушыларға қаржылай сыйлық табысталды.

Жалпы, шешендік өнер – қазақтың қанында бар асыл қасиет. Балалар мұрасы – сақталуы тиіс қымбат жәдігер. Халқымыз қашанда сөздің қисі мен құдіретін түсінген. Сол үзілмес үрдісті бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру – басты мақсат.

«СБ» ақпарат.

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНЕН

Түнгі сағат он екілер шамасы болатын. Осы кезде шаштары үрпін кеткен, аласұрып, аптыққан Митя Куларов кіріп келді. Болмелерді аралап шықты. Әке-шешесі бұл кезде ұйқыға кеткен еді. Әпкесі оқып жатқан романның соңғы беттерін парақтап отырған. Гимназияда оқитын тетелес інілері ұйқыда.

А.П.Чехов

## Қуаныш

– Сен қайдан жүрсің? – деді әке-шешесі. – Не болған саған?

– Мен күткен жоқ едім! Тіпті күткенім жоқ! Адам айтса сенгісіз!

Бақыттан басы айналған ол креслоға отыра кетіп, қарқылдап күлді.

– Адам сенгісіз! Тіпті түсінбейсіңдер де! Міне, көріңдер!

Әпкесі төсегінен түсті де үстіне көрпешені жамылып, Митяға жақын келді. Інілері де оянып кетті.

– Саған не болған? Түрің бұзылып кетті!

– Бұл қуаныштан, шеше! Міне, енді мені бүкіл Ресей білетін болады! Бүкіл Ресей!

Бұрын бұл дүниеде колледж регистраторы Дмитрий Куларовтың барын тек сендер ғана білетін едіңдер, енді бүкіл Ресей білетін болды! Шеше! О, Құдайым-ай!

Митя орнынан ұшып түрегеліп, барлық бөлмені аралап шықты да, қайтадан отырды.

– Не болды өзі? Дұрыстап түсіндірші!

– Сендер газет оқымайсыңдар, жабайы сияқты өмір сүріп жатсыңдар. Ештеңе білуге ұмтылмайсыңдар. Ал газет оқысаңдар, көп нәрсеге қанық болар едіңдер! Бірдене бола қалса, қазір жарияланады, ештеңе көзден таса қалмайды! Құдайым-ау, мен қандай бақытты едім! Әдетте тек атақты адамдар туралы жазатын еді, енді міне, мен туралы да жазыпты!

– Не дейсің, қане?

Әкесінің өңі құп-қу болып кетті. Шешесі бұған қаралы да, шоқынды. Гимназист балалардың екеуі де орындарынан ұшып түрегеліп ағасына тақап келді.

– Солай! Мен туралы жазыпты! Енді мені бүкіл Ресей білетін болды. Шеше, сен осы нөмірді тығып қойшы, анда-санда оқып тұрайық! Міне, қараңдар!


Митя қалтасынан газетті алды да, әкесіне беріп жатып, көк қаламмен қоршап қойған жерді түргіп көрсетті.

– Ал, оқыңдар!

Әкесі көзілдірігін тақты.

– Оқысаңдаршы!

Шеше баласына тағы да көз тастап, шоқынды қойды. Әке жөткірініп алды да, оқи бастады: «Желтоқсанның жиырма тоғыз күні кешкі сағат он бірлер шамасында Куларов Дмитрий...



– Көріңдер ме, көріңдер ме? Әрі қарай...

«Колледж регистраторы Куларов Дмитрий кіші Бронь бойындағы сыраханадан шығып, Кошихиннің үйінде мас болып...»

– Семен Петрович екеуіміз ішкенбіз! Әрі қарай оқы, тыңдаңдар!

«...мас күйінде тайып жығылып, осы жерде тұрған аттын астына түскен. Ат Юхна уезі Дурыкина деревнясының тұрғыны Иван Дротов деген шауранкі болып шықты. Үріккен ат шананы Куларовтың үстімен сүйрей жөнеледі. Шананың үстінде мәскеулік Луков Степан деген көпес болады. Ал атты көше сыпырушылар ұстап алған. Ес-түсін білмейтін Куларов полиция бөлімшесіне жеткізіледі. Осы жердегі дөрігер оның мас екендігін растайды. Оның желкесіне тиген соққы...»

– Желкемді арбаның жетегіне ұрып алған едім, әке.

Әрі қарай оқысаңшы!

«...желкесіне тиген соққы жеңіл дәрежеде. Оған медициналық көмек көрсетілді...»

– Желкемді салқын сумен шайған болатын, көріңдер ме? Өне, солай!

Енді бүкіл Ресейге тарайды! Өкел бері!

Митя газетті алды да, бүктеп қалтасына салып қойды.

– Макаровтарға барып, көрсетіп қайтамын... Одан соң Иванчиктер, Наталья Ивановна, Анисин Васильич бар... Кеттім!

Митя кокарда тағылған қалпағын киді де, қуанған күйі үйден жүгіріп шықты.

**Аударған**  
**Бақыяр МЫРЗАШЕВ.**

<p>Меншік иесі <b>СЫРМЕДИА</b> жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>БАС ДИРЕКТОР <b>Аманжол ОҒАРБАЕВ</b> қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</p> <p>БАС РЕДАКТОР <b>Қуат ШАРАБИДИНОВ</b> қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p><b>Бөлімдер:</b> руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
<p>Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboy@yandex.kz / www.syrboy.kz Таралымы 294345 Тапсырыс №1851 Кезекші редактор Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.</p>			